

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

11. Kathe Pelletier, Malcolm Brown, D. Christopher Brooks, Mark McCormack, Jamie Reeves, and Nichole Arbino, with Aras Bozkurt, Steven Crawford, Laura Czerniewicz, Rob Gibson, Katie Linder, Jon Mason, and Victoria Mondelli, 2021 EDUCAUSE Horizon Report, Teaching and Learning Edition (Boulder, CO: EDUCAUSE, 2021) <https://library.educause.edu/-/media/files/library/2021/4/2021hrteachinglearning.pdf?la=en&hash=C9DEC12398593F297CC634409DFF4B8C5A60B36E>

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Тоқтасынова Назерке Тоқтасынқызы

Магистрант

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

nazerke.toktasinova00@gmail.com

Аннотация. Білім берудің цифрлық жүйеге ауысуы болашақ педагог-психологтердің бойынан зияткерлік, ақпараттық және қарым-қатынастық салалардағы өзекті құзыреттіліктерді дамытуды көздейді. Мақалада біздің елімізге де мемлекеттік саясатты жүргізудің басты даму жоспарына цифрландыруды қажеттілігі туралы көрсетіледі. Мақала тақырыбы бойынша бірнеше еңбектер сараптауға салынып, талдау жасаудың нәтижесінде цифрлық сауаттылықты жетілдірудің өзектілігі анықталды. «Цифрлық сауаттылық» түсінігіне жетекші анықтамалар беріліп, ХХІ ғасырда сыни тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас, ынтымақтастық, мәселелерді шешу қабілетімен қатар табысқа жету үшін қажетті ең маңызды дағды болып табылады деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: цифрлық сауаттылық, интернет, медиа сауаттылық, цифрлық құзыреттілік, медиа және ақпараттық сауаттылық

Annotation. The transition to a digital education system involves the development of key competencies in the field of intelligence, information and communication among future educational psychologists. The article emphasizes the need for our country to digitize the main plan for the development of state policy. Several works on the topic of the article were analyzed, and the analysis revealed the relevance of increasing digital literacy. The leading definitions of the concept of "digital literacy" are made that in the 21st century, along with the ability to think critically, communicate, collaborate, solve problems, is the most important skill for success.

Key words: digital literacy, internet, media literacy, digital competence, media and information literacy

Қазіргі замандағы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы және оларды кеңінен қолдану әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа сатысы болып табылады. «Цифрлық сауаттылық» ұғымын алғаш рет 1997 жылы енгізген американдық жазушы және журналист Пол Гилстердің анықтамасында: «Цифрлық сауаттылық – компьютерді пайдалана отырып, алуан түрлі форматта және кең ауқымды көздерде ұсынылған ақпаратты түсіну және пайдалану қабілеті» [1].

Цифрлық сауаттылықты жетілдіру, цифрлық трансформация, білім беруді цифрландыру А.Ю. Уварова, И.Д. Фрумина, А. И. Матвеева, А.П.Новгородцева, Д. Мошелла, Дж. Уиллей, Е.И.Рогов, В. Лавров, Н. Горелов және т.б. еңбектерінде сипатталады.

Білім беру жүйесін цифрландыру - үйреншікті оқулықтардың цифрлық көшірмесін жасаумен, құжат айналымын цифрлаумен және барлық білім беру орындарында жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізуді ұсынумен шектеле алмайды. Цифрлық экономика білім беру жүйесінен жекелеген үдерістерді «цифрландыруды» ғана емес, жаңа мақсаттар қоятын, білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын өзгертетін кешенді білім беру тәсілді талап етеді. Ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылы

Қазақстанда жаңа мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» атты 5 негізгі бағытты іске асыратын бағдарлама қабылданды. Бағдарламаның негізгі мақсаттары: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы жеке тұлғалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мектептер мен кәсіптік білім беретін оқу орындарында цифрлық сауаттылықты арттыру және адами капиталды дамыту болып табылады. БҰҰ аясындағы ақпараттық технологиялардың дамуының негізгі әлемдік рейтингінде (ICT Development Index) Қазақстан 2015 жылдан бері 175 мемлекеттің ішінен 52-ші орынды ғана иеленіп отыр. Бағдарламаны және өзге де стратегиялық бағыттарды іске асыру нәтижесінде еліміздің рейтингін 2022 жылға қарай 30-шы, 2025 жылға дейін – 25-ші, 2050 жылға дейін – 15-ші орынға дейін көтеру басты мақсат болып жоспарланды. Сондай-ақ, «The Boston Consulting Group» халықаралық компаниясының «E-intensity» рейтингінде цифрландырудың қазіргі деңгейі тұрғысынан Қазақстан дамушы ел болып отыр [3].

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі жолдауында «Білім беруді мейлінше ыңғайлы ету, оқушылар мен студенттерді қашықтан оқыту әдістемесін дайындау, еліміздің оқу орындарын нақты цифрландыруды аяқтау, сонымен қатар, жаңа талаптарды есепке ала отырып, педагогтардың дайындығын жүзеге асыру керек», деп айтып кеткен болатын.[4] Бірақ қажетті өзгерістердің бүкіл мәнін толық түсіну үшін цифрлық экономикадағы «цифрлық дағдылар» түсінігін және олардың білім берудегі даму ерекшеліктерін, заманауи мұғалімге қойылатын негізгі талаптарды анықтау маңызды. Сондықтан да бұл зерттеудің мақсаты білім беруді цифрландыру және цифрлық экономиканы дамыту жағдайында заманауи педагогтың негізгі цифрлық дағдыларын анықтау, оларға қойылатын негізгі талаптар мен жүйені жетілдірудің перспективалық бағыттарын анықтау болып табылады

Білім берудегі цифрлық технологиялардың белсенді дамуы аясында, педагог-психологтың білім беру барысындағы студенттермен өзара әрекеттесуінің нәтижесінде рөлдік ұстанымдардың үш негізгі тобын қалыптасады. Олар, білім алушыларға білім беру бағыттарын ұйымдастырушы - педагог және мотиватор; онлайн-курстар мен мамандарды әзірлеуші-әдіскер; білім беру мазмұны мен оқыту платформаларының ұйымдастырушысы. Жоғарыда айтылған рөлдік ұстанымдар педагогтың кәсіби қызметінің дәстүрлі мазмұнын айтарлықтай кеңейтеді және жаңа цифрлық дағдыларды және цифрлық сауаттылықтың тиісті деңгейін меңгеруді талап етеді [5].

Сондықтан қазіргі заманғы педагог-психолог қолда бар цифрлық технологияларды тиімді пайдаланып қана қоймай, түрлі мәтіндік және графикалық редакторларды, ақпаратты өңдеу құралдарын, таныстырылымдар жасауға арналған бағдарламаларды, сонымен қатар жаңа технологияларды меңгеріп, өзіндік цифрлық сауаттылық пен цифрлық дағдыларды дамытуға ерекше мән беруі тиіс, ал, бұның барлығы тұтастай алғанда қазіргі педагог-психологтың цифрлық ортадағы мәдениетін сипаттайды.

Демек, қазіргі педагог-психологтар төмендегідей цифрлық дағдыларға ие болулары тиіс: жалпы цифрлық дағдылар (мысалы, интернеттен ақпарат іздеу, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану және т. б.); тапсырмаларды орындауға байланысты қосымша цифрлық дағдылар (мысалы, білім алушылармен және ата-аналармен қарым-қатынас жасау үшін әлеуметтік желілер мен басқа да цифрлық мессенджерлерді пайдалану); цифрлық экономиканың жаңа сервистерін пайдалану бойынша арнайы дағдылар (мысалы, дамытушылық контентті орналастыру үшін бұлтты технологиялар) [6].

1-ші кестеде келтірілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының статистикалық мәліметтері «6-74 жастағы Қазақстан Республикасы халқының цифрлық сауаттылық деңгейінен» ақпарат беріп отыр [7].

Кесте 1 - 6-74 жастағы Қазақстан Республикасы халқының цифрлық сауаттылық деңгейі (процентпен) [8]

	Дағдыны меңгерген халық үлесі		
	2017 ж	2018 ж	2019 ж
Дербес компьютер, смартфон, планшет, ноутбук; Интернет желісіндегі стандартты бағдарламалар;	77,1%	79,6%	82,1%
Стандартты бағдарламаларды (мәтіндік және кестелік редакторларды және тағы басқаны) пайдалану;	74,9%	73,6%	76,1%
Компьютерді және дербес деректерді қорғау бойынша туындаған мәселелерді шешу; кәсіби қызметте бағдарламалық-аппараттық шешімдерді пайдалану;	60,8%	68,1%	70,4%

Ұсынылған деректе ең көп таралған дербес компьютер, смартфон, планшет, ноутбук және интернет желісіндегі стандартты бағдарламалармен жұмыс істеу қабілеті (халықтың 77,1%-82,1% цифрлық технологиялық құралдарды қолдана алады, интернетпен жұмыс істей алады), стандартты бағдарламаларды қолдану (74,9% - 76,1% мәтіндік және кестелік редакторларды және тағы басқаны пайдаланады) және компьютерді және дербес деректерді қорғау бойынша туындаған мәселелерді шешу, кәсіби қызметте бағдарламалық-аппараттық шешімдерді пайдалану (60,8%-70,4%) бұл бүгінгі күні оқу процесінде міндетті болып табылады.

Сонымен қатар педагогикалық қауымдастық арасында цифрлық дағдыларды дамытудың жеке ауқымды зерттеулері табылған жоқ. Демек, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% құрайды, және алдағы жылдарда оның өсуі қажет. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің ақпараты бойынша 2014 жылы 6-74 жас аралығында интернет желісін (мобильдікті қоса алғанда) пайдаланушылардың үлесі 63,9%, 2015 жылы – 72,9%, 2016 жылы - 76,8% құрады. Ауылдық елді мекендерде «цифрлық алшақтық» байқалуда - деректерді жеткізу желілерін дамудағы артта қалушылық. 2014 жылдың қорытындылары бойынша қалалық интернет желісі пайдаланушыларының тығыздығы 72,6 %, ауылдық елді мекендерде 52,7%, 2015 жылы – 76,4% және 68,3%, 2016 жылы тиісінше 81,3% және 70,9% құрды[9]. Бұл дегеніміз, Қазақстандағы 5,348 ауыл мектебі педагогтерінің цифрлық сауаттылықтары жеткілікті дәрежеде емес[10].

Цифрлық экономика халықта оның жемістерін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді. Бұл ретте, қазіргі кезде халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% құрайды және алдағы жылдарда оның өсуі қажет. Сонымен, білім беру жүйесін дамытудың перспективалық бағыттарын айқындайтын заманауи мұғалімнің негізгі цифрлық дағдылары мыналар болып табылады: Жаңа АТ-ны тиімді пайдалану (интерактивті ақпаратты өңдеу құралдары, мобильді технологиялар, электронды ресурстар, цифрлық байланыс); Интернетте тиімді бағдарлану, жаңа білімді, мәліметтердің әртүрлі нысандары мен түрлерін, қажетті ақпарат пен ақпаратты іздеу және өңдеу мүмкіндігі; Заманауи АТ қолдану арқылы жаңа оқу өнімдерін, оқу материалын жасау. ЖОО ақпараттық технологияларды пайдалану бойынша педагог-психологтардың жаңа тәжірибеге бағытталған біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, жаңа жабдықтарға нақты және виртуалды тағылымдамадан өтуді міндетті түрде енгізу, сондай-ақ тәжірибе алмасу арқылы қосымша кәсіптік білім беру жүйесін дамыту. Заманауи АТ білім беру процесінің технологиялық тиімділігін арттыруға, оны әрбір баланың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес дараландыруға, сондай-ақ қазіргі ұрпақтың мектепте оқуға деген

қызығушылығы мен ынтасын арттыруға мүмкіндік береді, жалпы алғанда мақсатқа жетуге ықпал етеді.

Цифрлық сауаттылық – сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу, ынтымақтастық және коммуникация сияқты ХХІ ғасырда табысқа жету үшін маңызды дағды. Кейбір зерттеушілер цифрлық сауаттылықты оқу және жазу қабілеті сияқты маңызды деп атайды және оны «төртінші сауаттылық» деп атайды. Жеке азаматтың да, жалпы ел тұрғындарының да цифрлық сауаттылығын арттырудың маңызы зор. Егер жеке тұлғаның цифрлық сауаттылық деңгейі туралы айтатын болсақ, онда үлкен көлемдегі деректерден қажетті ақпаратты іздеу, оны тарату, ақпаратты өңдеу және т.б. мүмкіндіктерді пайдалану қабілеті деп айта аламыз. Цифрлық сауаттылығы бар адам интернеттегі үлкен деректер ағынынан өзіне қажетті ақпаратты таңдай алады, ол виртуалды әлемнің қалай жұмыс істейтінін түсінеді және цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ете алады. Сондықтан, ұлт болашағы үшін ХХІ ғасырдың саналы ұрпағын тәрбиелеу аясында барлық білім беру саласында цифрлық сауаттылықты дамыту бағдарламалары қарқынды түрде енгізілуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Цифровая грамотность и ее составляющие / О. В. Дёмко
2. Дженкинс Г. Информационная грамотность в контексте других видов грамотности: дайджест зарубежного опыта : по материалам докладов // Школьная библиотека. - 2009. - № 9-10. - С. 28-39.
3. Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе / Т.А. Аймалетдинов, Л.Р. Баймуратова, О.А. Зайцева, Г.Р. Имаева, Л.В. Спиридонова. Аналитический центр НАФИ. – Москва : Издательство НАФИ, 2019. – 84 с.
4. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 12.12.2017 ж., №827 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
5. <https://primeminister.kz/assets/media/tsifrly-azastan-memlekettik-badarlamasy.pdf>
6. Сухомлин, В.А. Методологические аспекты концепции цифровых навыков / В.А. Сухомлин, Е.В. Зубарева, А.В. Якушин // Современные информационные технологии и ИТ-образование. – 2017. – Т. 13. – № 2. – С. 146-152.
7. Impact of Information Technology on Education [Электрондыресурс: http://www.eduroute.info/Impact_of_Information_Technology_on_Education.aspx] (датаобращения: 25.07.2018).
8. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, <https://stat.gov.kz/search>
9. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 12.12.2017 ж., №827 // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
10. https://massaget.kz/okushyilarga/mektep_omiri/59706/
11. <https://primeminister.kz/assets/media/tsifrly-azastan-memlekettik-badarlamasy.pdf>